

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

VI том

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану жөне әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі жөнен

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№1 хаттама 6 қараша 2015 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (терага), О. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
А. Жаксылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарак,
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының
жетекшісі), И. Әзімбаева (жаупапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ә. Тарак

Жалпы редакциясының басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев

Құрастырылыш, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жаупапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор З. Бисенғали

А 13 **Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. VI том. Ойлар мен толғаныстар /
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұр-
әділ; жаупапты ред. З. Бисенғали; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев.
– Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 299 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1680-2 (VI том)

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырган таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай тұралы сез» толғауымен ашылған. Алтыншы тома абаитану саласында тауелсіздік түсінігі жарық көрген таңдамалы еңбектер арнаны топтастырылған.

Кітап орта мектептің жоғары сыйып оқушылары мен жоғары мектептің білім алушылар жастағыра, ғылым мен белгілім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызыметкерлеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

Том елдің ынтымығы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық алеуеттің артуына, коғамдық санаңын дамуына қызмет етеді.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын ғынаратын, зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1680-2 (VI том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

Көпжасар Нәрібаев

АБАЙ – ТҰТАС БІР ӘЛЕМ (Абай Құнанбайұлының туғанына 150 жыл)

Әдебиет пен өнердің әрбір ірі өкілінің өзі – тұтас бір дүние – әлем деуге лайықты үлкен құбылыс. Ал әрбір ірі суреткердің шығармашылық мұрасы адамзат баласының өткені туралы өкінішіне, алдағысы туралы үмітіне толы бол келетіні белгілі. Абай және оның шығармашылық мұрасы жайлы да осыны айту орынды. Қазақтың ұлы Абай Құнанбайұлының өзін де, оның әдеби мұрасын да арғы-бергі дәүірдің баршасының, оның ішінде бүгінгі кезеңнің де көкейкесті мәселелері тұғыр-тұғысы аясындаған дұрыс тануға, жете ұғуға болады. Ақынның, адам мен оның заманының немесе бір дәуір шындығы мен сол дәуір адамыныңғанда сыры емес, тұтас тарих шындығы, халық танымының көп ғасырлық тағдыр-талайы көрініс тапқан ұлы ақынның қаламынан тұған шығармалардың ғасырдан ғасырга асқан сайын жарқырай түсіп, ел-жүрттyn да, қоғамның да жан дүниесін өзінің ізгілік, гуманистік мазмұнымен байытып отырғаны оның тамыр тартқан тереңдігіне байланысты. Абайдың әдеби мұрасы бүгінгі күні де біздің әрқайсымыздың ойымыз бер кемелденуіміздің қайнар көзі болып табылады. Абайдың Абайлығының, оның әдеби мұрасының кейінгі ұрпак үшін өлшеусіз зор бағалануының мәнісі осында жатыр.

Ақын қандай өмір құбылыстары туралы жазса да сөздін ажары мен мазмұн-мәніне бірдей жауапкершілікпен қарайды. Сондықтан да оның өлсендерінен терең мағына, философиялық биік ой тапқысы келген кісі де, сұлу сурет көріп, әдемі әуез естігісі келген кісі де өз іздеңдерін қапысыз табады.

Ұлы ақынның шығармашылық өнерінің басты құндылығы – оның шыншылдығында. Абай – заманының әлеуметтік болмысын анық көріп, бақылап қана қоймай, оны үлкен парасатпен терең де жан-жақты таныған данышпан ақын. Ол өз шығармаларында қазақ өмірінің күнгейі мен көлеңкелі шындықтарын толық әрі шебер бейнелеумен бірге олардың түпкі мәнін де ашып береді,

жақсы мен жаман, адал мен арам арасын ажыратып, саралап көрсетүмен бірге олардың шығу тегін, бастау көзін дे анық аңғартады. «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол, адам болам десеніз», – деп өз замандастарына, оларға қоса сіздер мен бізге де абыздық, көрегендік ұлы сөзін айтқан.

Өсек, өтірік, мақтаншак,
Еріншек, бекер мал шашшак...

Абай заманының адамдарының осы бес дүшпаны бүгінгі заман адамдары үшін де дүшпан болып қалып отыр. Ал ақын асыл іс ретінде бағалаған:

Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым... –

міне, осы бесеуінен аскан асыл қасиетті бүгінгі күні де табу қыын. Бүгінгі жастарды, жалпы қазіргі қоғамды өсіретін де, өркендететін де осы бес асыл десек, онда қателеспеген болар едік. Мұндай ой айту, қай заман үшін де басты, маңызды тұжырым болып қала беретін баянды пікір түю – нағыз ұлы ақынның әрі ойшыл дананың гана қолынан келетін ірі іс.

Менің ойымша, Абай – әлем әдебиетінде сирек кездесетін, жаны да, көнілі де өте күрделі әрі қайшылықты суреткерлердің бірі. Ақын заманының қайшылықтары, қылыштықтары оның азаматтық өмірінде де, ақындық өнерінде де терен ізін қалдырған.

Көнілім қайтты достан да, дүшпаннан да ...

немесе

Ішім олген, сыртым сау,
Көрінгенге деймін-аяу:
Бүгінгі дос – ертең жау,
Мен не қылдым, яптырм-аяу?!

не болмаса,

Жүргөм менің – қырық жамау,
Киянатшыл дуниеден... –

деу қайшылықты өмір шындықтарын ақын санасындағы, оның ақындық танымындағы нақты сөулеленуі екендігінде сөз жоқ. Сонымен бірге бұл секілді өлең жолдары ел анғармағанды анғарып, ел танымаганды таныған, қиял аспаған биқтен ақылмен асқан, «елден етекбасты көп көрген» адамның жанындағы жаралы күйден де терең хабар береді.

Абай бүгінгі ұрпақ үшін де өзінің осындағы жүргегі жара, көңілі нала қалпында да аса аяулы, құрметті.

Абай өлеңдерінде, поэмалары мен қара сөздерінде адам бойындағы асыл қасиеттерді, оларды қалыптастырып, дамыту-дағы білім мен ғылымның маңызын өте жоғары бағалайды.

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті,
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, –

деп биік адамгершілікті болу үшін адам бойында қандай да асыл қасиеттер болуы шарт екендігін көрсетеді. Осы үш асыл қасиетті бірдей тең ұстағандаға адамның мінсіз, келісті болмыс деңгейіне көтерілетіндігін анғартады. Мұндағы «ыстық қайрат», «нұрлы ақыл», «жылы жүрек» секілді қасиеттер ақынның адам мен заман, адамгершілік туралы ойлар мен толғаныстарының өзегін түзетін күрделі ұғым, қағидалар жүйесіне негіз болады. Ақын өлең сөздеріндегі ойларын таратат, дамыта отырып, «Он жетінші сөзінде» Ақыл, Қайрат, Жүректі өнер таласына түсіреді де, ғылымға мынаны айтқызады:

«Сен үшеуінің басынды қоспақ – менің ісім. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсандар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам сол. Үшеуің ала болсандар, мен жүректі жақтадым».

«Он сегізінші сөзінде» адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ екендігін жазады.

Ақыл, қайрат, жүрек үшеуінің басын ғылым алдында біріктіру арқылы ақын бұл үшеуіне келіп қонатын және бұл үшеуінен

шығып тарайтын ізгілік істердің бәрі ғылым мен білімге тәуелді, ғылым мен білімсіз бұл үшеуі кісіні кіслік жолында ұстап тұра алмайды деген ой тастайды. Мұның өзі Абайдың адамгершілік, ізгілік туралы ойларының, бір жағынан, ерте замандардағы Шығыс ойшылдарының философиялық, этикалық қағидаларымен үндесіп жатқанын аңғартса, екінші жағынан біздің бүгінгі рухани сұраныстарымызбен де толық сәйкес екендігін көрсетеді.

Дүниеге бұдан 150 жыл бұрын келгеніне қарамастан, Абай өзінің ақындық өнерімен де, ұстанған мұрат-тілегінің, қалдырған ақыл-өсietінің асылдығымен де, сондай-ақ жаңын ауыртып, жүргегін сыздатқан қайғы-мұнымен де біздің бүгінгі күнімізге өзі тұстас басқа ақындардың қай-қайсысынан да жақын.

Абайды бүгінгі күнге, бүгінгі күннің жастарына жақындастыруда, абайтану ғылымында үлкен іс атқарылғаны, атқарылып жатканы рас. Сол істердің басы осы жерде, Қазақ университетінде басталып, осы жерде кең тынысты үлкен ғылыми және оқутэрбие арнасына айналғаны да анық. Заманының теңдессіз альп суреткері Мұхтар Әуезов алғаш рет абайтану ғылымын оку пәні ретінде Қазақ университетінде, оның бүгінде ұлы жазушының өз атымен аталып отырған аудиториясында оқыған еді. М. Әуезов бастаған сол оку бұл аудиторияда содан бері бір де бір үзілген емес, үзілмейді де. Х.Ж. Сүйіншэлиев, З. Қабдолов, З.А. Ахметов секілді әлем таныған абайтанушы ғалым-ұстаздар М. Әуезов бастаған ұлы істі сол Әуезов белгілелеген биіктен төмендетпей, ілгері жалғастырып келе жатқаны – Қазақ университеті үшін де, абайтану ғылымы үшін де зорabyрой.

Елімізде 1995 жыл бойында абайтану саласында жүргізілген ғылыми, мәдени және әдеби-көркем жұмыстар абайтану ғылымын жаңа деңгейге көтерді. Ғылымның әр саласында абайтанудың жаңа проблемалары қойылды. Біздің ендігі басты міндеттеріміздің бірі – сол мәселелерді жоғары ғылыми деңгейде шешуге атсалысу. Университет ғалымдары Абайды тану ісінде, абайтану ғылымында алдағы уақыттарда да ел сүйінгендей ірі табыстарға жете береріне сеніміміз мол.

ТҮСІНІКТЕР

1. Тасмагамбетов И.Н. Абай – пікірміздің пірі, рухымыздың туы. Қазақстан Ұлттық Фылым академиясының Абайдың 150 жылдығына арнап еткізген мерекелік сессиясының ашылуындағы сез. 1995 жыл 8 тамыз // Баспасөз бетінде жарияланған: Абай туралы сез. – Алматы, 1996. – 25-29-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Сұлтанов Қ. Абай – адамзатқа ортақ тұлға. ЮНЕСКО-ның мәдениет саласындағы комиссиясы мәжілісінде 1993 жылғы 2 қарашада сойлеген сезі // Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 1993. – қараша; Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. – Астана: Елорда, 2005. – 6-11-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша күйіп журміз бе? // Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 2008. – 26 қараша; Жолдасбеков М. Жеті томдық шығармалар жинағы. 4-том. Асылдарым. Эсселер. Ойлар. Тебіріністер. – Астана: Құлтегін, 2012. – 55-74-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Абрахманов С. Абайдың аударма лирикасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абрахманов С. Төлтума мен телтума (зергітеу). – Астана: Елорда, 2007. – 171-202-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Нәрібаев К. Абай – тұтас бір әлем. Баспасөз бетінде жарияланған: Нәрібаев К. Тұлғаларға тағзыым. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2012. – 50-52-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Жұмаділов Қ. Біз Абайды танып болдық па? Баспасөз бетінде жарияланған: Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазынды, 2005. – 12-том. – 289-296-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ысқақбай М. Абай шеберлігі хақында. Баспасөз бетінде жарияланған: Ысқақбай М. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2007. – V том. – 285-307-беттер (мақаланың «Шеберлік асуында» деп аталатын екінші бөлімі берілді); Абай институтының вебсайты.
8. Жарықбаев Қ. Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы агартушысы. Баспасөз бетінде жарияланған: Жарықбаев Қ. Абай – қазақ халқының ұлы агартушысы. – Абай институтының вебсайты.
9. Салғарин Қ. Абай танымнан – тағылым. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және қазіргі заман: зерттеулер жинағы. – Алматы: Фылым, 1994. – 99-111-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Фаббасов С. Абайдың педагогикалық көзқарасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және ұлттық идея. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құрастырылғандар: Т. Әлібек, А. Сейітова. – Алматы: М.О. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2005. – 99-112-беттер; Абай институтының вебсайты.

11. Сыздықов К. Абайдың әсемдік танымы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және ұлттық идея. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құрастырылғандар: Т. Әлібек, А. Сейітова. – Алматы: М.О. Өуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 2005. – 65-71-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Көбесов А. Әл-Фараби мен Абай. Баспасөз бетінде жарияланған: Көбесов А. Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбек. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 58 б.; Абай институтының вебсайты.
13. Нұргали Р., Рсаев Т. Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі. Баспасөз бетінде жарияланған: Нұргали Р. Сырлы сөз. Әдеби сын, зерттеу. – Алматы: Жазушы, 2000. – 340-360-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Сейдімбеков А. Абай және Ренессанс. Баспасөз бетінде жарияланған: Егemen Қазақстан. – 1995. – 29 наурыз; Абай институтының вебсайты.
15. Досжан Д. Ақылдың қыры. Баспасөз бетінде жарияланған: Досжан Дүкенбай. Шығармалары. IV томдық. – Астана: Фолиант, 2008. – 3-том. – 380-395-беттер; Абай институтының вебсайты.
16. Әмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оку-тәрбие ісінде пайдалану туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Әмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оку-тәрбие ісінде пайдалану (мұғалімдерге көмекші құрал). – Алматы: Мектеп, 1968 (кітаптың осы тақырыппен аталаған бөлімі берілді). Абай институтының вебсайты.
17. Әсемқұлов Т. Абайдың ұлы жұмбагы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай. – 2010. – № 1. – 30-37-беттер; Абай институтының вебсайты.
18. Атабаев Қ. «Қазак» газеті – екінші Абай мектебі // Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №5. – 73-75-беттер; Абай институтының вебсайты.
19. Созақбаев С. Абай заң жүйесіне енгізген өзгерістер. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай. – 2005. – №1. – 42-47-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМҰНЫ

Тасмагамбетов И. Абай – пікірміздің пірі, рухымыздың туы	3
Сұлтанов К. Абай – адамзатқа ортак тұлға	9
Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша қүйіп жүрміз бе?	14
Абдрахманов С. Абайдың аударма лирикасы	36
Нәрібаев К. Абай – тұтас бір әлем	64
Жұмаділов К. Біз Абайды танып болдық па?	68
Ысқақбай М. Абай шеберлігі хақында	75
Жарықбаев К. Абай Құнапбаев – қазақ халқының ұлы агартушысы	100
Салғарин Қ. Абай танымнан – тағылым	111
Ғаббасов С. Абайдың педагогикалық көзқарасы	121
Сыздыков К. Абайдың әсемдік танымы	135
Көбесов А. Әл-Фараби мен Абай	142
Нұргали Р., Рсаев Т. Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі	179
Сейдімбеков А. Абай және Ренессанс	218
Досжан Д. Ақылдың қыры	229
Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану туралы	246
Әсемқұлов Т. Абайдың ұлы жұмбабагы	268
Атабаев Қ. «Қазақ» газеті – екінші Абай мектебі.....	280
Созақбаев С. Абай заң жүйесіне енгізген өзгерістер	286
Түсініктеп	296

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
VI том
Ойлар мен толғаныстар**

Кұрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мухадиева*
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№9135

Басуга 26.01.16 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 18,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1511.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.